

## 3-тарау.

### Қаржыны нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында жүзеге асыру

3.1.

Қаржы ресурстары: мәні, мағынасы мен оларды қалыптастыру көздері

Қаржы туралы ғылым қаржыны экономикалық категория ретінде ерекше өндірістік қатынастар жиынтығы, ақшалай қаражаттардың нысаналы қорлары ретінде анықтайды. Ақшалай қаражаттар қорлары қаржы қатынастарының материалды сипаты бола отырып, оның заттай тасымалдаушысы болып табылады. Бұл қорлар экономика салаларының белгілі деңгейлерінің – мемлекеттің, аймақтың, кәсіпорындардың, үй шаруашылығының қаржылық ресурстары болып табылады. Олар жалпы ішкі өнім мен ұлттық кірісті қайта бөлу кезінде пайда болады.

Қаржы ресурстары – қаржы қатынасының материалды заттай тасымалдаушысы. Осылайша, қаржы-экономикалық қатынастардың әртүрлі субъектілері деңгейінде көптеген ақшалай қорлардың қалыптасуымен байланысты болады.

Қаржы ресурстары үнемі ақшалай кірістер мен жинақтардың қалыптасуына шарттасылған қаржы қатынастарының материалдық тасымалдаушысы қызметін аткарады. Сонымен қатар қаржылық қатынастың пайда болуының бастапқы кезеңі болып жалпы ішкі өнімнің құрылған құнын бастапқы бөлшектеу процесі саналады. Қалған барлық кезеңдерде жалпы ішкі өнімді шаруашылық субъектілері, мемлекет пен халық арасында бөлу және қайта бөлу қаржы ресурстарының орнын ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Осы үш сектор арасында қаржы ағынын реттеудегі мемлекеттің ролі орасан зор және салық жүйесі мен бюджет мемлекеттік реттеудің басты буыны болып табылады.

Жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық кірісті бөлу және қайта бөлу кезінде мемлекет, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер арқылы қалыптастасын ақшалай жинақтар мен ақшалай қорлар қаржы ресурстары болып табылады.

Қаржы ресурстары – экономикалық субъектілер мен мемлекеттің, олардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және кеңейтілген ұдайы өндіріс мақсатында пайдаланылатын, кірістері мен түсімдері.

Қаржы ресурстары тек қана ақшалай нысанда болады, басқа ресурстардан ерекшеленеді, өздерінің функцияларына шарттасылған, «баға» категориясын «қаржы» категориясынан бөлуге мүмкіндік береді.

Қаржы ресурстары несие, халықтың ақшалай кірістері және кәсіпорынның айналым қаражаттарымен бірге ақшалай ресурстар құрамына енеді.

Әлеуетті қаржы ресурстарының қалыптасу сферасы болып ескі құн аударылатын және жана құн қалыптастасын өндірістік саты саналады, ал олар тек қана бөлу сатысында қалыптасады.

Ақшалай қорлардың қалыптасуы қаржы ресурстарын пайдалану болып табылады.

Меншікті қаражаттар (жарғылық капитал, эмиссиялық кіріс, резервтік капитал, сақтандыру коры, амортизациялық аударым), қарыз қаражаттары (ұзак мерзімді және қысқа мерзімді несиелер), тартылған қаражаттар (есептелген және төленбegen міндеттемелердің барлығы) қаржы ресурстары болып табылады, ол бухгалтерлік есеп термині бойынша пассивтер деп аталады.

Мемлекет қаржы ресурстарының көзі ретінде мемлекеттік несиені, халықаралық қаржы ұйымдарының көмектерін пайдалана алады.

Осылайша, қаржы ресурстары мен қаржы қорлары бір нэрсе емес.

Қорлар қаржы ресурстарының бір бөлігі. Қаржылық қор – қаржылық тәсілмен қалыптастырылған және белгілі қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған нысаналы ақшалай қаражаттар.

Қаржы ресурстары толықтыру көзі мен жұмсау бағытына, өзінің күшіне ие болуы қажет.

Қаржы ресурстары – бір бөлігінің нысаналы бағытты болатын, келесі бөлігінің нысаналы бағытты болмайтын қаражагтар.

Ресурстардың бір бөлігі қорсыз нысанда болады, мысалы, шаруашылық органдарының, өздерінің шаруашылық серіктестерінен келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін алатын әртүрлі айыппұлдарды, өсімдерді, тұрақсыздық төлемдерін алдын ала болжап білу мүмкін емес.

Қаржы ресурстары – кез келген экономикалық субъекттің маңызды көрсеткіші. Ең тиімді болып өндіріс саналады, өйткені өзінің қызмет нәтижесі ретінде қаржы ресурстарының үлкен бөлігін құрайды. Қоғамдық өндіріс тиімділігінің көтерілуі, экономикалық өсіудің жеделдеуі қаржы ресурстарын ұтымды пайдалануға тәуелді болады.

Қаржы ресурстарының өсу факторлары болып келесілер табылады:

- қоғамдық еңбек өнімділігін көтеру;
- жалпы қоғамдық өнімді материалдық шығындардың орнын толтыру қоры мен өндірілген ұлттық кіріске бөлу үйлесімділігі.

Мемлекеттің қаржы ресурстарының серпіні мен құрылымы тенденциясын талдау нарықтық экономика принциптері қоғамдық өндірістің тиімділігін көтеруге, қаржы ресурстарының қалыптасу қарқының жеделдетуге, олардың өндірісті қарқындандыруына шарттасылған ресурстарының үлес салмағының үлгаю бағытында жақсаруына әкелетіндігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Қоғамдық өнімді бөлу қоғамдық өнім мен ұлттық байлық құнының бөлігін қамтиды. Осыған байланысты қаржы ресурстарына қоғамдық өнім мен ұлттық байлықтың қаржы көмегімен бөлінетін бөлігін жатқызады.

Несие ресурстары мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық жағдайында пайдаланылады, қаржы ресурстары қайтарымсыз пайдаланылады.

Кәсіпорындардың айналым капиталы қаржы ресурсы болып табылмайды, өйткені өзінің нысанын ақшалай түрден тауарлы түрге, тауарлыдан өндірістік, ал өндірістік түрден жаңа тауарға, жаңа тауарлы түрден жаңа ақшалай түрге өзгерте отырып, үздіксіз

айналады. Әрбір жаңа айналымда оның көлеміне болашақ қаржы ресурстарының құрамдас бөлігі болып табылатын пайда шамасы қосылады. Олар айналымнан алынып тасталынады, ал айналым капиталы қаржы ресурстарынан, оны кеңейту үшін инвестициялар жүзеге асырылмаса тұрақты көлемде қызмет етеді. Қаржы ресурстарының көздері болып әртүрлі деңгейде қатысатын қоғамдық өнім құнының барлық үш элементі табылады.

Қаржының қоғамдық өнімге деген әсер ету бағыттары тәмендергіше:

- ұдайы өндіріс процесін қаржымен қамтамасыз ету;
- экономикалық және әлеуметтік процестерді қаржылық реттеу;
- экономиканы қаржылық ынталандыру.

Бастапқы авансыланған капитал – соңынан негізгі және айналым капиталына бөлінетін, кәсіпорынды құру кезінде құрылтайшылардан ақшалай нысанда түсетін жарғылық кор. Өндірісті кеңейту үшін қаржы көздері – ақшалай қорлардан қосынша ресурстарды тарту қажет.

Қаржы ресурстарының көздерін ерекшелейді:

қаржы ресурстарының макро көздері (мемлекет деңгейінде);  
қаржы ресурстарының микро көздері (кәсіпорын деңгейінде).

Елдің ЖІӨ құны қаржы ресурстарының маңызды көзі болып табылады, оның құрамына С (капитал) = еңбек құралы + еңбек заты = аударылған құн + қосылған құн ( $V = \text{жалакы} + M$  (пайда)).

$(V + M)$  – қаржы ресурстарының макроденгейдегі қайнар көздері.

$V$  – жалдамалы жұмысшының, оған салықтарды, сақтандыру төлемдерін төлеу, жинақтаушы зейнетақы қорларына, кәсіподак жарналарын салым салу; банктердегі есеп шоттарда сақтау, бағалы қағаздарды сатып алу үшін қаржы ресурстарының көзі болып табылатын жасалынған жеке кірісі. Өйткені  $V$  көбінесе қаржы ресурстарын макро деңгейде құруда қатысады.  $V$  бір бөлігі түпкілікті тұтыну (азық түлікті, киім кешекті, аяқ киімді төлеу, дәрі-дәрмек сатып алу, білім алу, демалыс және т.б. шығындар) үшін пайдаланылады.

М – қосымша құн немесе пайда. Ол қаржы ресурстарының құрамына мемлекеттік бюджет құрамына салықтарды алып тастанған бөлігімен толығымен енеді.

Қаржы ресурстарының макро деңгейдегі көздеріне келесілер жатады:

- ЖІӨ;
- сыртқы экономикалық байланыстан түсken кірістер;
- ұлттық байлық;
- тартылған немесе қарыз қаражаттар;
- халықаралық ұйымдардың несиелері;
- заңды тұлғалардың салықтары мен алымдары;
- жеке тұлғалардың салықтары мен алымдары;
- бюджеттен тыс қорларға аударымдар;
- халықтың бюджетке төлемдері;
- капиталмен операциялардан түсken кіrіc;
- мемлекеттік заемдар.

Қаржы ресурстарының микро деңгейдегі көздеріне келесілер жатады:

- құрылтайшылардың жарналары;
- өнімді өткізуден түсken түсім;
- кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі;
- кәсіпорынның сатуға болатын мүлкі;
- қарыз қаражаттар (банктердің ұзак және қысқа мерзімді қарыздары, облигацияны сатудан түсken қаражаттар);
- тартылған қаражаттар (кредиторлық қарыздар – кәсіпорынның жалақы бойынша, жабдықтаушаларға, мердігерлерге есептелген және төленбеген қарыздары және т.б.);
- нысаналы қаржыландыру (сақтандыру орнын толтырулары, мемлекеттік бюджет пен министрліктерден дотациялар).

Қаржы ресурстары макро деңгейге қызмет ететін орталықтандырылған және микроденгейде қалыптасатын және пайдаланылатын орталықсыздандырылған болуы мүмкін.

Капиталдың ауыспалы айналым процесінде, шаруашылық субъектілерінің қаржылық ресурстары мен капиталының қозғалысын басқаруда, тауарларды өткізу нәтижесінде және ауысты-

рылған немесе жаңадан құрылған құнды қамтитын ақша капиталы босайды. Бұл жағдайда ақша капиталын құрайтын, алынған ақшалай қаражаттар шаруашылық субъектісінің ағымды және құрделі шығындарын қаржыландыру үшін одан әрі айналымға салынады. Бұл процесс үздіксіз сипатта болады.

Жинақтаудың негізі болып амортизация мен пайданың, оны тұтынудан кейін қалған бөлігі (бөлінбейтін пайда) саналады.

Осылайша қаржы ресурстары мен капитал тұрақты қозғалыста болады. Қаржы ресурстарының қозғалысын басқару – қаржы қатынасының осы ресурстардың шамасы мен серпініне әсер ету процесі. Осындай әсер ету бірқатар экономикалық тәсілдерді (несиелеу, трансфертер, лизинг, траст және т.б.) пайдалана отырып қаржы механизмі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстанда казіргі таңда экономиканың әртүрлі салаларында бәсекеге қабілетті жаңа өндіріске материалдық база болатын қаржы ресурстарының маңызды бөлігі шоғырландырылған.

1 кестеде 2009 жылдың 1 қаңтарына Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері сипатталған.

Банктердің, жинақтаушы зейнетакы қорларының, сақтандыру секторының және банктік емес ұйымдардың активтерінің жалпы көлемі қаржы-шаруашылық қызмет субъектілерінің қаржы ресурстарын және халықтың қаржыларын, мемлекеттік бюджетті қоспағанда 12447,2 млрд.тенгени құрайды.

**1-кесте. 2009 жылдың 1 қаңтарына Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері**

Активтер мен міндеттемелердің түрлері	Банк секторы	Жинақтаушы зейнетакы қорлары	Сақтандыру секторы	Банктік емес ұйымдар
Жиынтық активтер	11899,3	64,4	268,8	214,7
Жиынтық міндеттемелер	10441,0	16,7	102,9	162,4
Меншікті капитал	1458,4	47,7	165,9	52,3
Ескерту: КР Статистика агенттілігінің мәліметтері				

Қаржы ресурстарын басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттары болып экономикалық талдаудың кешенділігін көтеру мен ондағы қаржылық талдаудың ролін көтеру; шаруашылық

механизмін жетілдіру сұрақтары бойынша ҚР заңдары мен үкімет қауылшарының орындалуына бақылауды күшейту табылады. Ұсынылып отырған шараларға экономикалық баға беру ресурстарды пайдалану және кәсіпорын қызметінің түпкілікті нәтижелерінің тиімділігін интегралды түрде есепке ала отырып жасалынуы керек.

Экономиканың барлық салаларында өндірісті кешенді қарқындандыруды жеңісті жүзеге асыру қаржы ресурстарын басқару мен оларды тиімді пайдалануға жаңа тәсілді талап етеді. Осыған байланысты кәсіпорындарда қаржы ресурстарын басқарудың қалыптасқан жүйесі одан әрі дамытуды қажет етеді. Кәсіпорындарда қаржы ресурстарын пайдалануды экономикалық тетіктерді пайдалану арқылы жақсарту сұрақтарын шеше алатын, резервтерді толық жеткілікті қамтамасыз ететін басқару жүйесі күрылуы керек.

### 3.2.

#### Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі мен қаржы қатынасына қатысушылар

Қаржы экономика салаларының құрылымдарының құрделлігіне байланысты, олардың ерекшеліктерін анықтайтын әртүрлі сфераларда қызмет етеді. Олар ұдайы өндіріс негізіне ие болса да барлық сфераларда белуші категория болып қалады. Қаржы қызмет атқаратын сфералардың әртүрлілігі категорияны көп жақты етеді, қаржы қатынастарының топтарға бөлінетін түрлерінің тұтас спектірін негіздейді. Әрбір топ өзінің ерекшеліктеріне, көріну нысандарына, басқару органдарына, ақшалай қорлар түрлеріне ие.

Осы топтардың жынтығы қаржы жүйесін құрайды, мұнда әрбір топқа өз орны мен өз рөлі берілген.

«Қаржы жүйесі» категориясы ақшалай қаражаттар қорларын құру мен жұмсауға, оларды басқаруши органдарға негіз болып табылатын қатынастардың жынтығын сипаттайтын. Бұл, оларды басқарумен байланысты органдар мен мекемелердің, нысандар мен әдістердің, қаржы қатынастары сфераларының жынтығы. Ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған және

орталықтандырылған қорларын құру және пайдаланумен байланысты органдар мен мекемелердің, нысандар мен әдістердің, қаржы қатынастарының сферасының жынтығы.

Мемлекеттің қаржы сферасы қаржы-экономикалық институттардың жынтығын сипаттайтын, олардың әр қайсысы мемлекеттік ақшалай қаражаттардың белгілі қорларын пайдаланады. Бұл бір бірімен қарым қатынаста болатын және бір бірінсіз өмір сүре алмайтын элементтерден тұратын экономикалық жүйе.

Қаржы жүйесінің элементтерін (косалқы жүйе) әртүрлі белгілер бойынша жіктеуге болады:

Функционалды белгі бойынша:

- бюджет жүйесі;
- салық жүйесі;
- сақтандыру секторы;
- зейнетакы секторы;
- банк жүйесі;
- кәсіпорын қаржысы секторы;
- халықтың қаржысы секторы.

Қаржы субъектілері (қаржы қатынасына қатысушылар түрлері) бойынша:

- республикалық және аймақтық деңгейдегі жалпы мемлекеттік қаржы;
- кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер қаржысы;
- қаржы-несие мекемелерінің қаржысы;
- сақтандыру қаржысы;
- халықтың қаржысы (үй шаруашылығы).

Меншік формасына байланысты:

- жеке қаржы;
- мемлекеттік қаржы.

Аталған элементтердің әр қайсысы келесілерді қамтиды:

- қаржылық қатынастарды;
- ақшалай қорларды;
- қаржыны басқару аппаратын (қаржы қатынасына қатысушылар).

Мемлекет орталықтандырылған қаржыны экономиканы және әлеуметтік қатынастарды макроденгейде реттеуге, ал орталықтандырылған қаржыны микроденгейде пайдаланады.

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі – әр түрлі қаржылық, ақшалай, сақтандыру, валюталық операцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік және жеке мамандандырылған мекемелер қешені, аудиторлық қызметтерді, консалтингтік қызметті жүзеге асырады, қаржы жүйесін реттейді.

Осыған байланысты қаржы әр түрлі материалдық және материалдық емес сфераларға қызмет етеді, олардың қызмет етуі кезінде бөлу қатынасының көптеген қатысушылардың меншікті мүдделері қақтығысады.

Қаржылық қатынастар ақшалай қаражаттар қорларын қалыптастыру, бөлу және қайта бөлумен байланысты, сонымен қатар оларды жұмсаумен, яғни пайдаланумен байланысты болады. Қаржы қатынасына қатысушылардың мүдделерінің қақтығысуы құнды беру, ақшалай қорларды қалыптастыру, салықтарды төлеу және т.б. кезінде пайдада болады.

Қаржы қатынасының нормативті базасы болып қоғам мен мемлекеттік объективті экономикалық зандары саналады.

Қаржы жүйесінің әрбір буынында қаржы қатынасы көмегімен белгілі көздерден ақшалай қорлар құрылады, содан соң қаржы ресурсына айнала отырып, нысаналы түрде жұмсалады. Әрбір салада осы қатынастарды басқаруды жүзеге асыратын өз органды бар, сондықтан қаржы жүйесі қаржы қатынасының ақшалай қорларымен және қаржыны басқару органдарымен байланысты сфераларының жиынтығы. Әрбір сфера өзінің құрылымына ие (1-сурет).

Қаржы қатынасының маңызды қатысушысы болып мақсатты ұсынатын, қоғам мүддесіне сәйкес келетін экономикалық мүддесі бар мемлекет табылады, сондықтан қаржы қатынасының маңызды тобы болып республикалық және аймақтық деңгейде мемлекеттік бюджет нысанындағы жалпы мемлекеттік қаржы, сонымен қатар қоғамдық қажеттілікті, мемлекеттік несиені жабудың қосымша көзі болып табылатын бюджеттен тыс арнайы қорлар табылады. Соңғысын бюджет тапшылығының жетіспеушілігін өтөу үшін тағайындалатындықтан қаржы жүйесіне жатқызады және халықпен несие қатынасына негізделгенімен бюджеттік қаражаттар

есебінен етеледі. Қаржы категориясы ретінде мемлекеттік бюджет қайтарымдылық, төлемділік белгілеріне ие, бірақ қаржы категориясы болып табылмайтын банк несиесінен ерекшеленеді.

Мемлекеттік бюджет	Мемлекеттік нысаналы бюджеттен тыс корлар	Мемлекеттік меншік үлесі бар кәсіпорындар	Мемлекеттік несие
I. Республикалық бюджет.  2. Облыстырдың, қалалардың, аудандардың аймақтардың және жергілікті бюджеттері	I. Мемлекеттік зейнетакы коры. 2. Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру коры. 3. Ұлттық кор. 4. Басқалай мемлекеттік корлар.	1. Унитарлы кәсіпорындар.  2. Муниципалды кәсіпорындар.  3. Меншіктің біріккен үлесі бар кәсіпорындар.	1. Қарыз алушы  2. Кредитор  3. Кепілгер

### МЕМЛЕКЕТТЕК ҚАРЖЫ



I-сурет. ҚР қаржы жүйесінің құрылым нұсқалары сипатталған.  
Ескерту: автормен құрастырылған.

Сонымен қатар әртүрлі деңгейдегі бюджет араларында бюджетті реттеу нысандары болып табылатын трансфертер, субвенциялар, дотациялар, несие ресурстары нысанындағы ақшалай қаражаттарының ағынының болатындығын көрсету қажет.

Мемлекеттік қаржы – қаржы жүйесінің басты элементі болып табылады, қаржы жүйесі элементтерінің жиынтығында алдыңғы орынды алады және елдегі қаржы қатынасында анықтаушы рөлді атқарады.

Мемлекеттік қаржы – қаржы ресурстарын қалыптастырумен байланысты қоғамдық өнім мен ұлттық байлықтың бөлігін бөлу және қайта бөлу қатынасындағы ақша қатынасы.

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі келесілерді қамтиды:

1. Экономикалық категория ретінде ел экономикасын, қорғаныс қажеттілігін, мемлекеттік басқару, халықтың әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қаржыландыру үшін құрылған, елдің бюджет қорын қалыптастыру мен пайдаланумен байланысты, мемлекеттің заңды және жеке тұлғаларымен ұлттық кірісті бөлу жөніндегі ақшалай қатынасын жүзеге асыратын бюджет жүйесі.

Бюджеттік жүйе республикалық бюджеттен және құрамына аудандар мен қалалар енетін аймақтық (жергілікті) бюджеттерден тұрады. Бұл мемлекеттік қаржының салықтық түсімдер және мемлекеттік капиталмен операцияларынан түсетін кірісті шоғырланатын ең ұлken бөлігі. Бұдан мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары (мемлекеттік басқару шығындары, қорғаныс) қаржыландырылады.

Қаржыны келесідей ерекшелеге болады:

Қазақстан Республикасының қаржысы

- облыстар қаржысы;
- қалалар қаржысы;
- аудандар қаржысы.

Облыстар, қалалар, аудандар қаржысы жергілікті, аймақтық, аумақтық деп аталады. Жалпы мемлекеттік қаржы жалпы мемлекеттік тағайындалудағы шараларды қаржыландыруға арналған және ақшалай қаражаттардың оргалықтандырылған қорлары арқылы сипатталады.

Жергілікті қаржы аймақтық бірліктердің ақшалай қорларымен сипатталады және жергілікті мәндегі шараларды (мемлекеттік биліктің жергілікті органдарын үстау, құрылыш, көлік жолдарын пайдалану мен жөндеу, жергілікті деңгейдегі құқық қорғау қызметі, әлеуметтік қамтамасыздандыру сферасындағы адресті әлеуметтік көмек және т.б.) қаржыландыруға арналған.

2. Мемлекеттік нысаналық қорлар (бюджеттен тыс қорлар) белгілі қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін құрылған қаржы ресурстарын (дербес ұйымдастырылған) қайта бөлу және пайдаланудың айрықша нысаны.

Нысаналы қорлардың көздері болып келесілер табылады:

- нысаналы аударымдар және салықтар, заемдар, ақшалай-заттай лотореяларды сатудан түсケн кірістер;
- бюджеттен субсидиялар;
- ерікті жарналар мен қайыр-садақалар;
- үнемделген қаржылық ресурстар;
- қор қаражаттарын мемлекеттік бағалы қағаздарға салудан түсken кіrіc.

Нысаналы қорлар ресурстардың түсүіне байланысты әлеуметтік шараларды толығымен қаржыландыру үшін нысаналы пайдалануына кепілдік береді. Олар бюджеттің дағдарыстағы қынышылығында қаржылық резерв рөлін атқарады. Олардың тағайындалуы еңбекке қабілетсіз халықты қолдау, жұмыссыздарға көмек көрсетуге арналған. Нысаналы қорларға келесілер жатады:

Мемлекеттік зейнетакы қоры;

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры;

Мемлекеттік нысаналы қорларды құру, қор қаражаттарын құру және пайдалану тәртібі ҚР министрлер кабинетімен анықталады. Осы қорларды қаржыландыру шенбері шектеулі.

Экономиканың мемлекеттік секторының болуымен шарттасылған мемлекеттік кәсіпорындардың қаржысы қаржы жүйесінің дербес буыны болып табылады.

Мемлекеттік несие – мемлекеттің бюджет тапшылығының орнын толтыру мақсатында мемлекеттің қосымша қаржы ресурстарын жұмылдыру үшін құрылған ерекше қаржы қатынастарының жиынтығы; өз елінің кәсіпорындары мен басқа мемлекеттер-

ге қаражаттарды мерзімділік, ақыллылық және қайтарымдылық шартымен беру; өз елінің қарыз алушыларының басқа елдер кредиторларының алдында олардың қарыздары бойынша жауапкершілігіне кепілдік беру.

Мемлекеттік несиеңің құрамы төмендегіше:

- мемлекеттік зайымдар;
- қазынашылық ссудалар;
- кепілдік міндеттемелері.

Мемлекеттік несие жалпы қаржылық категория, мемлекеттік қаржы қызметінің тәсілі, арнайы құқықтық реттеу объектісі болып табылады, бірақ ол ақшалай қаражаттардың меншікті қорларын қалыптастырмайды, сондықтан қаржы жүйесінің дербес құралына жатпайды.

Оргалықсыздандырылған қаржының ерекше сферасы болып сақтандырылуышы мен сақтандыруши қатынасында түзілген сақтандыру саналады. Сонымен қатар сақтандырылуышы сақтандырушыға сақтандыру төлемін, сақтандыру кезеңі түскен кезде сақтандыру шартына сәйкес, ол келтірілген материалдық шығынның бір бөлігінің орнын толтырады деген сеніммен төлейді. Жинақтаушы сақтандыру кезінде сақтандыру мерзімінің соңында сақтандыруши жинақталған сома мен пайызды алады. Егер де сақтандыру жағдайы сақтандырылу кезеңінен бұрын түсетін болса, онда шартты көрсетілген сома, ол жағдайдаң түсуіне сәйкес төленеді.

Сақтандыру қатынастары төмендегідей түрлерде болады:

- әлеуметтік сақтандыру – еңбекке қабілетті азаматтардың денсаулық жағдайына немесе басқалай себептермен кіріс ала алмайтын тобын материалдық қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражаттарды қалыптастыру және жұмсау бойынша қаржы қатынасының жүйесі;
- азаматтардың денсаулығы және өмірімен байланысты жеке сақтандыру; азамат өзінің денсаулығын бағалайтын сомага сақтандырады;
- мұліктік сақтандыру, мұнда сақтандыру объектісі болып ұрлануы, бүлінуі, жойылуы мүмкін мұлік табылады;

- кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру, сақтандыру объектісі болып залалдар, алынбаған кірістер немесе пайда, пайда болған қосымша шығындар табылады;
- жауапкершілікті сақтандыру, мұнда сақтандыру объектісі болып сақтандырылуышының үшінші тұлғаға келтірілген шығыны (мысалы, автожолда басқа автокөлікті бүлдіру) немесе шарт жағдайларын орындау табылады.

Сақтандыру қаржы қатынасының ерекше сферасы болып табылады, оның құрамына сақтандыру ұйымдарының қорларын қалыптастыру механизмі енеді.

Сақтандыру қатынастарын Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің бақылауымен сақтандыру компаниялары басқарады.

Қаржы қатынасының ең үлкен сферасы болып кәсіпорынның қаржы сферасы табылады.

Кәсіпорын қаржысын әр түрлі белгілерге байланысты жіктеуге болады:

- меншік нысаны мен жауапкершілік дәрежесіне байланысты;
- серіктестік қаржысы;
- қоғамдар қаржысы;
- мемлекеттік кәсіпорындар қаржысы;
- мекемелер қаржысы;
- қоғамдық ұйымдар қаржысы;
- қоғамдық қорлар қаржысы.

2) орталықтандыру дәрежесіне байланысты:

- кәсіпорындар қаржысы;
- бірлестіктер, корпорациялар, холдингтер, қаржы-өнеркәсіптік топтардың қаржысы;
- министрліктер мен ведомствалар қаржысы;
- филиалдар, еншілес кәсіпорындар қаржысы.

3) салалық белгілеріне байланысты:

- өнеркәсіп кәсіпорындарының қаржысы;
- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржысы;
- жүк көліктері қаржысы;

- құрылымдық қаржысы;
  - байланыс (өндірістік бөлім) қаржысы;
  - өндірістік коопeraçãoның қаржысы;
  - су шаруашылығының қаржысы;
  - геологиялық барлау үйімдарының қаржысы;
  - материалдық өндіріс сфераларының басқа салаларының (мемлекеттік сатып алу, дайындау, сауда) қаржысы;
- 4) қызмет сипатына байланысты:
- коммерциялық;
  - коммерциялық емес;

Қаржының негізін материалдық өндіріс сферасы кәсіпорындарының қаржысы құрайды, өйткені қоғамның материалдық ресурстарының көзі ретінде үлттық кіріс осы сферада құрылады және ол өндірістік қатынастырға өте жақын. Осы сферада қаржы жүйесінің каналдары арқылы басқа сфераға одан әрі бөлінетін бастапқы қаржы ресурстары құралады.

Өндірістік сфераның қаржысы өндірістік компанияларда, корпорацияларда, шаруашылық қызметтің басқалай үйімдас-тырушылық құқықтық нысандарында ақшалай қаражаттардың орталықсыздандырылған қорларын қалыптастыру мен тиімді пайдалану тапсырмаларын шешеді. Олар өндірістік қызметке қызмет етеді, қоғамдық өндірістік тиімділігін көтеру мақсатында қаржы тетіктерінің әсерін пайдаланады.

Өндірістік емес сферада үлттық кірісті құру емес, оны осы сфераның экономикалық субъектілерде екінші қайтара қайта бөлу мен құру жүзеге асырылады. Осы сфераның қаржы катынастары құрылған құнның, оны ақшалай қаражаттардың арнайы тағайындалған қорларын қалыптастыру арқылы одан әрі тұтыну үшін қайта бөлу каналдары бойынша қозғалысына қызмет етеді.

Өндірістік емес сфера салаларының қаржысы төмендегілерді қамтиды:

- тұргын үй коммуналды шаруашылық қаржысы;
- халыққа тұрмыстық қызмет көрсету қаржысы;
- жолаушылар тасымалдау көлігі қаржысы;
- тұтынушылық коопeraçãoсы қаржысы;
- байланыс (өндірістік емес бөлігі);

- денсаулық сактау және дene мәдениеті қаржысы;
- білім беру қаржысы;
- мәдениет және өнер қаржысы;
- ғылым қаржысы;
- қоғамдық үйімдар (саяси партиялардың, діни үйімдардың, кәсіподак үйімдарының, одактардың басқа нысандардың) қаржысы;
- делдалдық үйімдардың (тауарлық қор биржаларының, еңбек биржасының, брокерлік кеңселердің, қорлардың және т.б.) қаржысы;
- басқару органдарының қаржысы;
- қорғаныс қаржысы;
- тәртіпті сактау органдарының қаржысы;

Кәсіпорын қаржысы жалпы мемлекеттік қаржымен мемлекеттік бюджетке салықтарды (корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы, бонустар, пайдалы қазбалар өндіруге салық, жер салығы, мүлікке салынатын салық, ойын бизнесіне салынатын салық, тіркелген салық, басқалай міндетті төлемдер) төлеу және мемлекет бюджетінен экономикалық жекелеген салаларына субсидиялар мен женілдіктер алу арқылы өзара байланысады.

Кәсіпорындар банктермен несиені алу және өтеу, депозиттерді орналастыру, ақшалай қаражаттарды есеп шоттарда сактау және одан алу, сонымен қатар өзара тауарлар мен қызметтерді төлеу бойынша, қор биржаларымен бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша, халықпен жалакы төлеу бойынша өзара байланысады.

Мемлекеттік кәсіпорындар кәсіпорындардың ерекше нысаны болып табылады, олар мемлекеттік бюджетпен тығыз байланысты және көптеген салықтық женілдіктерге ие.

Кәсіпорындардың қаржысына қаржы менеджерлері басшылық етеді, оларда кәсіпорын басшылары немесе басшылықтардың мамандандырылған бөлімдері болуы мүмкін.

Тұтас алғанда, экономика салаларының қаржысын басқару қаржы басқармаларымен және министрліктің бөлімдермен, ведомстволармен, ассоциациялармен, корпорациялармен, серіктестіктермен, бірлестіктердің, кәсіпорындар мен үйімдардың қаржы қызметімен жүзеге асырылады.

Қоғамдық үйымдардың қаржысын басқаруды қаржы бөлімдері бөлімдері немесе осы үйымдардың топтары жүзеге асырады.

Жоғарыда аталған органдар қаржымен байланысты функциялардың барлық спекторының жүзеге асырады, олар: қаржылық мөлшерлеу (нұсқауларды, әдістемелік материалдарды, нормалар мен нормативтерді өзірлеу), болжай, жоспарлау, есепке алу, бақылау, талдау, реттеу (жедел басқару), ынталандыру, үйлестіру, есептілік.

Кәсіпорындарда қаржылық жұмысты қаржылық бөлімдер немесе маркетинг, өткізу немесе есеп-қисап бөлімдерінің құрамына енетін жекелеген қаржы менеджерлері атқарады.

6. Банктер субъектілер арасындағы ақша қозғалысымен байланысты қаржылық операцияларға қатысушылар болып табылады. Олар ақшаны есеп, валюталық, депозиттік, арнағы шоттарда сактауды жүзеге асыра отырып, есеп айырысу–кассалық қызметті, қысқа және ұзақ мерзімді қажеттіліктерді несиелеуді қамтамасыз ете отырып қаржыны жедел басқаруға қатысады.

Банктердің қаржысы мемлекеттік (ҚР ҰБ) және жеке (екінші деңгейлі коммерциялық банктар) болуы мүмкін.

ҚР ҰБ елдегі ақша айналысын, ақша эммисиясын, бюджетке кассалық қызмет қөрсетуді, үкімет үшін есеп айырысу және несие операцияларын жүзеге асыруды, екінші деңгейлі банктерді несиелеуді және т.б. үйымдастырады.

7. Кәсіпорындардың қаржысымен және жалпы мемлекеттік қаржымен байланысты болатын халықтың қаржысы қаржы жүйесінің маңызды компоненті болып табылады.

Үй шаруашылығының қаржысы жанұяның өмір сүру қажеттілігін және бөлу функциясын қамтамасыз етеді. Бірінші функция жеке жанұяның мүшелерінің өмір сүруіне жағдай жасайды. Жанұя бюджеті жанұяны материалдық иғіліктермен қамтамасыз етуге арналған. Тауар-акша қатынасының дамуы жанұяның материалдық, әлеуметтік, мәдени қажеттіліктерінің өсуіне, сонымен қатар үй шаруашылығының ақшалай қаражаттар көлемін құрылуы мен өсуіне әкеледі. Екінші функция үлттық кірісті бөлу мен жанұяның бастанапқы кірісінің қалыптасуын сипаттайды.

Жанұяда қаржылық қатынастың екі типі кездеседі:

- жанұя мен мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорлар, жанұя және кәсіпорындар арасындағы қаржылық қатынастар;
- үй шаруашылығы мүшелері арасында әртүрлі мақсаттарға арналған икемді ақшалай қорларды құрумен байланысты қаржылық қатынастар. Бұл функция ақшалай қорларды қалыптастыруды, бөлуді, пайдалануды қамтиды.

Үй шаруашылығының қаржы функциясы бірін бірі толықтырады, өзара байланысты және бір уақытта әрекет етеді.

Үй шаруашылығының қаржысы үй шаруашылығы мүшелерінің өмір сүруіне материалдық және әлеуметтік жағдайды қамтамасыз ету үшін, ақшалай қаражаттар қорларын қалыптастыру және пайдалану бойынша, экономикалық ақшалай қатынастар мен олардың үдайы өндірісін сипаттайды. Бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының бағынушы, бірақ қаржылық қатынастың жалпы көлемінде маңызды рөл атқаратын бастанапқы элементі болып табылады.

Халықтың қаржысы кәсіпорындар, өндірістік және өндірістік емес сфера қаржыларынан атқарылған жұмыстарға жалақы төлеу, мемлекеттік бюджет пен бюджеттен тыс қорлардан халықтың аз қамтылған бөлігіне зейнетакы, жәрдемакы, материалдық көмектің басқалай түрлери арқылы, сонымен қатар кірістің басқалай жеке көздері ( мысалы, жалға берілген мүліктен, заңды тұлға құрусыз меншіктің экономикалық қызметінің) есебінен толықтырылады.

Халық өз кезегінде төлем көзінен ұсталатын (жеке табыс салығы, девиденттерге салық) және төлем көзінен ұсталмайтын (мүлік салығы, жер салығы, көлік құралдарына салық) салықтарды төлейді, олар мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін толықтырады.

Халықтың қаржысы (үй шаруашылығы) елдің қаржы жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар бөлігі болып табылады. Халықтың қаржысын (жанұя бюджетін) басқаруды үй шаруашылығының мүшелері жүзеге асырады. Сонымен қатар жанұяда түпкілікті тұтынуға (коммуналды төлемдерді, киім-кешек, аяқ киімді, ем алушты, білім алушты, деңсаулық, демалысты төлеуге) және жинақтауға

(ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарларды, бағалы қағаздарды алу, банкке депозит салу және т.б.) бағытталған ақшалай қорлар құрылады.

Халықтың жалақы төлеу бойынша мемлекеттік бюджетпен, бюджеттен тыс қорлармен, кәсіпорындармен қатынасы қаржылық болады, өйткені бұнда құнның бір жақты қозғалысы жүзеге асады. Сауда тараптары мен халыққа қызмет көрсету ұйымдарынан тұтынушылық тауарлар мен қызметтерді сатып алу қаржы қатынасынан шығарылады, өйткені ол айырбасқа жатады, мұнда құн қозғалысы екі жақты, яғни тауарлы және ақшалай нысанда бір-біріне қарсы жүреді.

Орталықтандырылған немесе орталықсыздандырылған типтегі әрбір ақшалай қор өз атауын алады және құрылған сфера үшін қызмет етеді. Жекелеген қорлар, заңды тұлға ретінде де тіркеледі, мысалы: «Бебек» балаларға көмек қоры, Ұлттық қор, инновациялық қор, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, «Ұлар-Үміт» жеке жинақтаушы зейнетакы қоры және т.б.

Қаржы қатынасының кез келген сферасы онда құрылған ақшалай қорлармен бірге басқару субъекті тарапынан басқару обьектісі болып табылады. Бұл ретте қаржы аппараты белгілі қаржы саясатын анықтайды.

Қаржы қатынасының барлық түрлері тұрақты түрде бір-бірімен өзара байланыстаған емес, сонымен қатар тұрақты дамуда да болады.

Осылайша, қаржыны ақшалай қорлардың нысаны, тәсілдері, құралу көздері мен жұмсалуымен ерекшеленетін сфераларын ерекшелеге болады:

1. Мемлекеттік, республикалық және аймақтық бюджет.
2. Бюджеттен тыс арнағы қорлар.
3. Мемлекеттік несие.
4. Сақтандыру.
5. Кәсіпорындар қаржысы.
6. Халық қаржысы.

Қаржы жүйесіне енетін қаржы құралдары орталықтандырылған және бөлшекті, жалпы мемлекеттік және жергілікті болып белінеді.

Бірінші, екінші және үшінші сфералар орталықтандырылған қаржыны; төртінші, бесінші және алтыншы сфералар – бөлшекті қаржыны құрайды. Қаржыны басқару көзқарасында бұндай бөлудің маңызы зор.

Несиені қаржы категориясы ретінде қарастырмайтындығына қарамастан, әрекеттегі Салық кодексінде банктердің барлық операцияларын қаржылық қызметтерге жатқызады: депозиттерді қабылдау, жеке, заңды тұлғалардың шоттарын, банктердің корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу; аударым операциялары, банктік заемдық операциялар, кассалық жәй және ауыстыру операциялары; аккредитивтерді ашу және олар бойынша міндеттемелерді орындау; банк кепілдемесін беру, факторингтік және форфейтингтік операциялар; бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар; банкаралық клиринг бойынша қызметтер; төлем карточкалары, чектер, вексельдер, депозиттік сертификаттар бойынша операциялар; зейнетакы активтері мен мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларының активтерін басқару бойынша операциялар; жинақтаушы зейнетакы қорларының зейнетакы жарналарын тарту және зейнетакы активтерінен алынған инвестициялық кірістерді есепке алу бойынша қызметтерді; ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша талап құқықтарын басқару қызметтері; кәсіпорынның жарғылық капиталына қатысу үлесін өткізу; микронесиені беру бойынша операциялар; ломбардтардың жылжитын мүлікті кепілге алып қысқа мерзімді заемдарды беруі бойынша қызметтері; несие серікtestерінің өз қатысушыларына операциялары; ақшалай нысанда несиені ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық негізде беру; несие серікtestерінің банктік шоттарын ашу және жүргізу; заемдар бойынша талап құқықтарына шегінім.

Салық кодексін дайындауши болып табылатын Қаржы министрлігінің жаңындағы бухгалтерлік есеп басқармасы ақша қозғалысымен байланысты барлық операцияларды қаржылық деп есептейді. Сонымен қатар қандай ақшалай қаржылардың субъектіден субъектіге қозғалысы, оның тиелген тауарға төлем немес қайтарылуы тиіс несиенің болуының маңызы жок. Банктер ақшамен жұмыс жасау үшін құрылған, нарықтық экономиканың

құрылымы және қаржылық сфера болып табылады. Осылайша, нақты экономикалық тәжірибеде қаржының үдай өндіріс концепциясы басым болады, мұнда ақшаның қоғамдық өнімнің барлық сатыларында субъектіден субъектіге ауысуы қаржылық операция болып саналады.

Материалдық мағынада қаржы жүйесі ақшалай қорлардың жиынтығын сипаттайды. Әрбір қорға қызмет көрсетуде қорды ақшамен толықтыру (қорды қалыптастыру), қордан ақша бөлу (бөлу), ақшалай қаражаттарды пайдалану және оны бақылау бойынша қатынастар пайда болады. Ақшалай қор қаржы институтын сипаттаушы, қаржы жүйесінің негізі болып табылады. Осыған байланысты жекелеген авторлар халықтың қаржысы, мемлекеттік бюджетті толықтыруға көмектесетін және оны мемлекеттік заемды өтегеннен кейін жұмсалатын мемлекеттік несие сиякты қаржы жүйесіне енбейді, бірақ жеке ақшалай қорларды құрмайды деп есептейді.

Қазіргі заманғы экономикада қаржыны басқару әрқайсысы техникалық тапсырмалардан (есептеуіш техника құралдары, ұйымдастыру техникасы және байланыс), бағдарламалық, ақпараттық, құқықтық және қамтамасыздықтың басқа түрлерін, әкімшілік, экономикалық, математикалық тәсілдерден тұратын қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ҚБАЖ) нысандында жүзеге асырылады. ҚБАЖ пайдалану көп нұсқалы есепті жүргізуге және тиімдісін тандауга мүмкіндік береді, ол басқару сапасын көтереді.

Қаржы жүйесін ұйымдастыру принциптері болып төмендегілер табылады:

- орталықтандыру мен демократияның үйлесімділігі;
- ұлттық және аймақтық мұдделерді сактау;
- жүйе элементтернің функционалды тағайындалуы;
- қаржы жүйесінің бірлігі;
- енуші институттарың дербестігі, олардың бір бірінен тәуелсіздігі.

Қаржы ресурстарын қалыптастыру және пайдалану қаржының материалдық мазмұнын құрайды. Қорлардың бірқатары үнемі жұмсалады, келісілері резервте сақталады.

Елдің қаржы жүйесі ұлттық болып табылады және құрамдас бөлік ретінде әлемдік қаржы жүйесіне енеді.

Қаржы жүйесінің қызмет ету сипаты оның құрылым мен қажеттілікке, құштерді орналастыру мен қаржы қатынасына қатысушылар мүддесіне қаншалықты сәйкес екендігіне тәуелді болады. Осы сәйкестік бұзылған кезде қаржы жүйесінде дағдарыс пайда болады, ол қызмет етудің негізгі принциптерін өзгерту жолымен шешіледі.

Халқаралық қаржы жүйесінің қарапайым құрылымдық элементі болып Ұлттық қаржы жүйелері (ХҚЖ) саналады.

XIX ғасырдың ортасында жекелеген елдердің ұлттық заңына бағынбайтын, мемлекет аралық көпжакты келісім арқылы реттелетін халықаралық қажы жүйесі (ХҚЖ) қалыптастырылды.

Ұлттық қаржы жүйесі ХҚЖ әсерін сезіне, меншікті ұлттық тапсырма мен мұдделерден шыға отырып, өзінің дербестігін сақтайды және қызмет етеді.

Қазіргі заманғы қаржы ғылыминың тапсырмасы қолда бар қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстарды жасау мақсатында барлық элементтер мен сфералар бойынша олардың ерекшеліктерін, олардың өзгеріс тенденциясын есепке ала отырып, қаржы жүйесінің құрылымы мен серпінін зерттеу болып табылады.

Үкімет әрекеттегі қаржы жүйесін, онда белгілі элементтерді өзгерте отырып, ягни реформа жүргізу арқылы, жетілдіруге үмтүләді.

Сонғы он жылда көптеген елдер несие бойынша пайыздық ставкаларды ырықтандырыды, шетелдік банктер үшін ішкі нарықты ашты, жаңа банктерді ашу үшін лицензия берді, өздерінің банк жүйесін қайта құруды жүргізді. Бұл өзгерістер макроэкономикалық және институционалды реформалармен, құқықтық және бәсекелестік органды құрумен, банктер қызметін реттеу және бақылаумен қатар жүзеге асты.

Экономиканың тұрақтылығы мен өсүіне қол жеткізу үшін тиімді экономикалық саясаттан басқа, қаржы секторын институционалды реформалашу қажет, осыған байланысты жинақтарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін қаржы жүйесі қалыптасады.

Қаржы жүйесінің даму деңгейі оның келесі қызметтерді атқара алу қабілетімен өлшенеді:

- жинақтарды жинақтау мен орналастыру;
- өтімділікті, инвестициялық ресурстары тиімді болу мен тәуекелдерді басқару;
- ақшалай қаражаттарды пайдалануды бақылау мен қадағалау;
- есеп айрысу және кассалық операциялардың дер кезінде жүзеге асырылуы.

Елдің экономикасы үшін қаржы жүйесінің мәні қызмет саны мен сапасына, оларды ұсыну жылдамдығына, тәуекел деңгейіне тәуелді болады.

Қаржы ресурстарының қарқыны мен көлемі, бастапқы жағдайы түрлі елдерде әртүрлі, бірақ әрбір ел және тұтас әлемдік қаржы жүйесі жұмылдырылған қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға ұмтылады.

### 3.3.

#### Елдің экономикалық қызметтің мемлекеттік қаржылық реттеудің объективті қажеттілігі мен жалпы принциптері

XVII- XVIII ғасырларда, нарықтық қатынастардың қалыптасу кезеңінде, меркантилизм басым болды, ол мемлекетті экономикаға елдегі сауда мен өнеркәсіпті дамыту, капиталды жинақтау үшін белсенді араласуға шақырады. Сонынан кәсіпкерліктің дамушы класы мемлекеттің белсенді араласуын өз қызметіне кедергі деп есептеді. А.Смит «Исследование о природе и причина богатства народов» атты еңбегінде демократияны, экономикалық қызмет еркіндігін, яғни экономикалық либерализм идеясын насиҳаттады.

А.Смит нарықтың жүйе өзін өзі реттей алады деп есептеді, әйткені оның негізінде субъекттің экономика дамуының қоздыруши күші ретінде болатын экономикалық мұдделері жатады, ал мемлекет өзінің нарық атқара алмайтын дәстүрлі қызметтерін атқаруы керек деген тұжырым жасады. Ол қызметтерге елдің қауіпсіздігін, білім беруді, транспортты дамытуды, денсаулық сактауды, табиги құбылыстардың сыртқы теріс

әсерлерін; бәсекелестікті қолдау мен нарыққа тән монополияны шектеу үшін монополияға қарсы заңдарды жасауды жатқызды. А.Смиттің ізбасарлары мемлекетке әділдік пен теңдікті белгілеу мәселелерін шешу қызметтің берді, әйткені кірісті шын мәнінде қайта болу әділесіз және ол халықтың жекелеген жігін кедейшілікке және әлеуметтік қорғансызыдыққа, әлеуметтік шиеленіс пен жанжалға әкеледі деп есептеді.

Ғалым экономист Д.Кейнс идеясы экономикалық дағдарыс кезеңінде мемлекеттің экономика араласу қажеттілігін негізdedі, олар елдің дағдарыстан өз бетінше шыға алмайтындығын дәлелдеді. Бұл идеялар несие-ақша және қаржы саясаттары арқылы жүзеге асырылды, ол жиынтық сұранысты көтерді, жұмыссызыдықты төмендетті, экономикалық субъектілердің қызметтің тұрақтандырыды, экономикалық құлдырау қарқының төмендетеді.

Көптеген елдердің экономикасының осы сатысында мемлекеттің экономикаға араласуының күшею тенденциясы байқалуда. Сонымен қатар мемлекет нарыққа кедерге келтірмейді, оның еркін қызметі мен бәсекелестікке жағдай жасайды.

Мемлекеттің экономикалық функциясы нарықтың экономикада шешілуі керек тапсырмалармен шарттасылған. Осы мақсаттар үшін мемлекет фискалдық және ақша саясатын, әлеуметтік саясатты, кірістерді реттеу саясатын, сыртқы экономикалық саясатты және т.б. пайдаланады.

Бюджеттік қаражаттарды иелену мен айла-шарғы жасау, салықтар саны мен салық ставкаларының деңгейін (алу тәсілдеріне жатады), шығындар көлемін өзгерту – фискалдық саясат деп аталауды. Бұл саясат әсіресе экономикалық құлдырау кезеңінде, ел экономикасын тұрақтандырудың маңызды құралы болып табылады. Салықтар мен мемлекеттік шығындарды өзгерте отырып, мемлекет іскерлік белсенділікті ынталандырады, жұмыссызыдық пен инфляцияға әсер етеді. Егер де фискалдық саясат дұрыс жүргізілмесе, елдің барлық экономикасына теріс әсер келуі мүмкін.

Ақша саясатының мәні елде ақша массасын құру мен оны реттеу, оның көлемі мен құрылымын өзгерту болып табылады. Сондықтан мемлекет ақша саясаты арқылы елдегі бағаға, яғни инфляцияға, халықтың тұтыну деңгейіне, ұлттық өндіріс көлеміне,

экономикалық өсу қарқынына әсер етеді. Ақша саясаты фискалдық саясат сияқты экономиканы тұрақтандыру құралы болып табылады. Бұрыс ақша саясаты инфляцияның жоғарғы қарқыны мен экономикадағы былдыққа әкелуі мүмкін.

Барлық мемлекеттер кірістерді мемлекеттік салық жүйесін арқылы бөле, кедейлерге әлеуметтік көмек бағдарламаларын жүргізе, білім беру, денсаулық сактау, мәдениет, жұмыспен қамту сфераларында белгілі саясаттарды жүргізе отырып, белгілі әлеуметтік саясатты жүзеге асырады.

Экономикалық субъектілердің сыртқы экономикалық қызметтері де мемлекеттік реттеудің объектісі болып табылады. Сонымен қатар мемлекет натуралды сипаттағы тауар массасы көлемін шектеу ретінде тауарларды әкелу және әкету квотасын, кедендейкі баж салықтарын, экспорт субсидияларын, импортқа салынатын салықтарды, әртүрлі елдер мен тауарлар үшін әртүрлі валюта бағамдарын пайдаланады.

Бұндай саясат отандық тауар өндірушіні қолдауға, экспортты ынталандыруға және импортты басуға, елде импортты алмастыратын өндірісті дамытуға бағытталған.

Мемлекеттік реттеу құралдары өзара тығыз байланысты және бір бірінен бөлек әрекет етпейді, өйткені реттеу объектісі болып өзінің құрылымы бойынша күрделі болатын, елдің экономикалық қаржы жүйесі табылады. Мемлекеттік шығындардағы өзгерістер туралы шешім салық саясаты мен ақша массасының өзгеруін талап етеді; фиксалдық және ақша саясатындағы өзгерістер халықтың нақты кірістерінің, инвестициялардың, жұмыспен қамтудың деңгейіне, ұлттық өзгеріс, экспорт және импорт мәлшеріне әсер етеді.

Осыған байланысты, мемлекеттік реттеудің келесі функцияларын ерекшелеге болады (шартты бөлу):

- экономиканың құқықтық жүйесін реттеу;
- монополияға қарсы реттеу;
- макроэкономикалық тұрақтылық саясатын жүзеге асыру;
- ресурстарды орналастыруды реттеу;
- кірістерді халықтың жігі арасында бөлу;
- муліктік қатынастарды реттеу.

Экономиканың құқықтық жүйесін реттей отырып, мемлекет экономикалық қызметті реттейтін заңдар мен заңды актілерді құруға жауапты болады, бақылау жасауға мүмкіншілік береді. Көрсетілген заңдарда экономикалық процесске қатысушылардың әрекет тәртібі, олардың араласуы белгіленген. Атап айтқанда, бұл жеке меншік иелерінің құқығын қоргайтын, кәсіпкерлік қызметтің ұйымдастыру – құқықтық нысандарын белгілейтін заңды актілер, кәсіпорынның тиімді қызметінің көрсеткіштері, олардың өзара және мемлекетпен өзара қарым-қатынасын, өнім саласының параметрлері, еңбек қауіпсіздігі, жалақының ең төменгі мәлшері, салықтардың түрлері мен ставкалары, әкімшілік пен жұмысшылардың, әкімшілік пен кәсіпорындардың қатынасы және т.б.

Маңызды заңды актілер болып бәсекелестікті қоргайтын, монопольды бағаны қадағалайтын, ірі нысандарды реттейтін монополияға қарсы заңды актілер саналады. Монополияны реттеу жөніндегі комитет монопольды баға мен бәсекелестік орга деңгейінің мониторингін жүзеге асырады, бәсекелестік фирмаларды құру бойынша шара қолданады, баға келісімін жасауға тиым салады, сатудың демпингтік тәжірибесін бәсекелестерді нарықтан ығыстыру үшін пайдалануға тыйым саласы.

Макроэкономикалық тұрақтылық инфляцияның төменгі деңгейін, елдің экономикалық өсуі мен халықты толық жұмыспен қамтуды қанағаттандыруға бағытталған. Бұл саясатты экономикалық циклдарды деңгейлестіру саясаты деп атап атап болады, өйткені дағдарыс кезеңінде ең теріс инфляция мен жұмыссыздық пайда болады. Мемлекеттің фиксалдық, ақша, несие саясаттары осы тапсырманы шешудегі басты құралдар.

Дағдарыс кезінде экономиканы тұрақтандырудың негізгі бағыты болып жұмыс орнын сактау мен өндірісті дамыту үшін кәсіпкерлікке көмек ретінде мемлекеттік шығындарды ұлғайту мен салықтарды төмендету табылады. Жоғарғы инфляция кезеңінде мемлекет экономикалық субъектілерді шығындарды азайтуға ықыластандыра отырып өз шығындарын қысқартады және салықтарды көтереді.

Микроэкономикалық сfera да реттеу объектісі болып табылады. Нарықтың ресурстарды тиімді бөлу қабілеті жалпыға мәлім. Ресурстарды ұтымсыз бөлу мәселесі сыртқы асерлер, қофамдық та-

урлар, жетілмеген бәсекелестік нарығы облысында пайда болады. Бұл мемлекеттің араласуын талап етеді. Мемлекет салық жүйесі мен субсидиялар арқылы қоғамдық тауарлар өндірісіне, білім беру, ғылым, мәдениет сфераларына, кәсіпорындар сыртқы ортада құратын теріс салдарларға (ая бассейніне шығарылатын зиянды заттар, су бассейніне зиянды ағыстарды, жер бетіне зиянды қатты қалдықтарды тастау) әсер етеді.

Қоршаган ортаны ластауға шектеу қою, шекті мүмкін шоғырландырудға, шығарындыларға, орларға және қатты қалдықтарды құруға, қоқыстарға тәлемдерді белгілеу экономикалық субъектілерді ауаны, жерді, суды тазалау үшін қосымша кондырғыларды алуға, айналмалы суды пайдалануға мәжбүр етеді. Осының салдарынан сұранысты қысқартуға әкелетін өнім бағасын мәжбүрлі көтеру пайда болады, яғни оның өндірісін ұтымды деңгейге дейін қысқарту, одан ері – осы саланың тұтынатын ресурстар көлемі қысқарады. Бұл жағдайда мемлекет жанама әсерлермен байланысты шығындарды өндірушілерге артады. Егер жанама әсерлер он болса, онда мемлекет экономикалық субъектілердің шығындарының бір бөлігін оларға субсидиялар бере отырып өзіне алады.

Нарықтың бәсекелестік механизм қоғамның жіктелуіне және халықтың жекелеген топтарының кедейленуіне әкеледі. Кірістерді бөлу механизмі әлеуметтік корғау жүйесі арқылы аз қамтылған азаматтарға салықтық қайта бөлу арқылы қолдау көрсетеді. Бұндай қолдау әлеуметтік сактандыру және жұмыссыздық бойынша, ауыру, жерлеуге жәрдемақы тәлеуді; ақысыз медициналық көмекті, бала туу және оларды күту бойынша көмекті, 18-ге толмаған балаларға жәрдемақы және т.б. қамтиды.

Мемлекет өзінің толық меншігіндегі немесе экономикалық субъектілермен үлесті меншіктегі мемлекеттік мүлікті пайдалануды қадағалайды. Мемлекеттің меншігінде жер, саябактар, өзендер, теңіздер, ормандар, тарихи ескерткіштер, энергетика, көлік, байланыс, мемлекеттік кәсіпорындар және т.б. болады. Мемлекет экономиканың маңызды салаларын ұлт меншігіне айналдыруға немес жекешелендіруді, яғни мемлекеттік меншіктен жеке меншікке, елдің ресурстарының тиімді пайдаланылуын көтеру және кәсіпкерлер класын қалыптастыру мақсатында беруді жүргізеді.

Мемлекеттің аталған функциялар шеңбері елдеңі экономикалық процестерге мемлекеттің оңтайлы қажетті шеңберде қатысу қажеттілігі туралы айтады. Мемлекет экономиканы реттеудің әкімшілік және экономикалық (несие, салық, бюджет, ақша саясаттары) тәсілдерін пайдаланады.

Мемлекеттік реттеу халық-шаруашылық үйлесімінің өзгеруіне, қаржылық дағдарыс салдарын төмендетуге ықпал етеді.

Сонымен қатар қаржыландырудың келесі бюджеттік тәсілдері пайдаланылады:

- инновациялық технологиялық жаңа салаларды құру үшін мемлекеттік күрделі салымдар;
- мемлекеттік сатып алулар (ауыл шаруашылығы өнімдері);
- субсидиялар (шығындарды жабу үшін дотациялар, нысаналы шығындарға субвенциялар, тауар бағасын төмендетуге экспорттық сыйақылар);
- біріккен кәсіпорындарға инвестициялар;
- мемлекеттік бюджеттен жеңілдетілген несиелеу;
- екінші деңгейлі банктердің жарғылық капиталына уақытша қатысу.



#### *Бақылау сұрақтары:*

1. Қаржы ресурстарының мәні мен маңызын, қаржы ресурстарының құрамы мен тұсу көздерін сипаттаңыз.
2. Қаржы ресурстарының макро – және микро деңгейдегі көздерін атаңыздар.
3. Қаржы ресурстарын пайдалану бағыттарын көрсетіңіз.
4. Қаржы қатынасына қатысуышыларды атаңыз.
5. «Елдің қаржы жүйесі» түсінігіне анықтама беріңіз.
6. Нарықтық экономиканың қызмет ету схемасын құрыңыз.
7. Қаржының мемлекет пен тауарлы-ақша қатынасының дамуымен байланысын атаңыз.
8. Қаржы қатынасын мемлекеттік реттеу қажеттілігін негізденіз.
9. Қаржы қатынасын мемлекеттік реттеу тәсілдерін атаңыз.
10. Экономиканы қаржыны пайдалана отырып мемлекеттік реттеу функциясын атаңыз.